

## Көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қожакент ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 04 қаңтардағы N 57 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда N 5700 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 3 қорытындысына сәйкес Қожакент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қожакент ауылдық округінің Қожакент ауылының мына көшелері:

1) "Нартай Бекежанов" көшесі "Ергеш Үсенов" есімімен;

2) "Жаңажол" көшесі "Смайыл Жұмаділлаев" есімімен қайта аталсын.

2. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қожакент ауылдық  
округінің әкімі*

*Ә. Айтжанов*